

Тақырыбы: «Кітаппен жарқын әлемге»

Мақсаты: Балаларды кітапты құрметтей білуге, ұқыптап ұстауға баулу, білімге деген құштарлығын арттыру.

Ақыл, ой-өрісін дамыту.

2.Білім ордасын, ұстаздарын.құрметтеп, еңбекті бағалай білуге тәрбиелеу.

Түрі: топсаяхат

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру әдісі, сұрақ-жауап

Көрнекіліктері: нақыл сөздер, ойындар, слайд кітап туралы

Ертеңгіліктің жоспары:

1.Кіріспе

Барысы: Ұйымдастыру:

Құрметті қонақтар! «Кітап – білім бұлағы» атты топсаяхатқа қош келдіңіздер!

Қуанышты шеңбер :

Ақ тілегімізді қабыл алыңыздар.

Еліме тыныштық тілеймін,

Күніміз жарқын болсын.

Аспанымыз ашық болсын,

Наның көп болсын.

Қайғымыз жоқ болсын,

Айтқан лебіздеріміз қабыл болсын!

Сабақтың тақырыбын ашу.

Жұмбақ жасыру .

Қабат - қабат қаптама.

Көп әңгімем өлеңім,

Ақылың болса аттама.

Күнде ақыл беремін

(Кітап)

Жақсы көрсе мені кім

Менде оны жақсы көремін **(кітап)**

Жаны жоқ болса да,

Ақылды адам ісін істейді.

(Кітап)

Кітап – рухани байлығымыз.

Кітап – адам баласы ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал. Ол адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі, халқымыз кітапты аса

құрметтейді. Сондықтан да «Кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» дейді. Оқығаның, тоқығаның көп болса жеңбейтін жау, алынбайтын қамал жоқ. Біздің елімізде көптеген дәстүрлі мерекелер бар. 2- Сәуір «Халықаралық балалар кітабы» күні. 23- Сәуір «Дүниежүзілік кітап күні» болып табылады екен.

Сондықтан бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы: «Кітап- білім бұлағы» деп аталады.
Слайд : Кітап қалай шықты?



Қане балалар, кітапты қалай жақсы көретініміз туралы айтып өтейік !

Сергіту сәті.

--Жарайсыңдар! Сендерге кітапты көп оқып бере ме?
Қандай ертегілерді білесіңдер?

Ойын: «Суретті сөйлет»

Балалар суреттерге қарап ертегінің атын айтады. Слайдтан қарап айтады.

--Балалар сендерге ертегі кейіпкерлері сендерге викториналық сұрақтар алып келіпті.

Ойын : «Иә- жоқ» -----

Кітап нені сүйеді?

Кітап белгі бауын «Иә» ,----- Қарды не жаңбырды «жоқ»

Кір қолды «жоқ» ,----- Ұқыпты ұстағанды «Иә»,

Қуырған жұмыртқаны «жоқ» , ----- Еденде жатқанды «жоқ» ,

Білгіш балаларды «Иә» ----- кітап сөресінде тұруды «Иә»

Кітапханаға топ саяхат.

Кітапханашы оқушыларды кітапханамен таныстырады, кітап туралы мағлұмат береді. Кітапты пайдалану туралы ережемен таныстырады.

Кітап туралы ережелер:

1. Кітаптың мұқабасы бүлінбес үшін оны қаптап ал.

2. Тамақ ішіп отырып кітап оқыма, оны ластап алуың мүмкін.
3. Кітаптың арасына қаламсап және басқа жуан нәрсе салма, оның түбі жыртылады.
4. Кітап беттерінің бұрыштарын бүктеме – оның бұрыштары жыртылады. Кітап беттерінің арасына қыстырғыш жасап ал.
5. Кітап беттерін жыртпа, кітапқа сурет салма, оған жазба, кітапқа сиямен де, қарындашпен де ешбір белгі салма.
6. Кітапты майыстырып бүктеме, оның беттері жыртылады.
7. «Кітап -- сенің досың» екенін ұмытпа!

